

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

қолданылатын санкциялар шикізатпен байланысты болса экономикалық шығындардың көбеюіне алып келуі мүмкін.

АҚШ пен Ресей арасында орын алуы мүмкін валюталық «соғыстың» нәтижелері Қазақстан ұлттық валютасына кері әсерін тигізуі ықтимал, себебі Қазақстанның алтын қоры валюталық қақтығысқа қатысу ықтималдығы бар барлық тараптармен тығыз байланысты, өйткені әлемдік нарықта шикізатты саудалау АҚШ долларымен жүзеге асырылады. Яғни мемлекетке кіріс АҚШ долларымен келеді, алтын қорымыздың бір бөлігі Еуропада сақталатындығы да белгілі жәйт. Ал Ресей болса Қазақстанның бүгінгі күні ең ірі экономикалық әріптесі. Рубльдің құлдырауы ұлттық өндірістің бәсекеге қабілеттігін сақтап қалу мақсатында теңгенің арзандауына да ықпал ететіндігі сөзсіз.

Әлемдік экономикалық дағдарыс аяқталды деуге ертерек! Дағдарыстан шығу процесі дағдарыс себептері жойылған кезде ғана басталады. Бұл өз кезегінде ұлттық және халықаралық деңгейде күрделі шешімдерді талап ететіндігі сөзсіз. Бұл орайда бізге қырағылық, ұқыптылық, болжампаздық керек!

Қолданылған әдебиет

1. «Қазақстан-2030» стратегиясы.

ӘОЖ 338.23

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУДЫҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Манақбай Дәмира Бөкейханқызы

damira_mb_94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті, «Менеджмент» мамандығының 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Бакирбекова А.М.

Бизнестің әлеуметтік бағытының маңызы мен қызмет тиімділігін арттырудағы алатын рөліне ғалымдар өткен ғасырдың ортасынан бастап белсенді түрде назар аударып келеді. Әлемнің жетекші мемлекеттерінің даму үрдісі көрсеткендей, кәсіпорындарға өздерінің басқару жүйесі мен қызметтерінде әлеуметтік жауапкершілік талаптарын қабылдау және жүзеге асыру қажеттігі заман талабы болып отыр. Әлеуметтік жауапкершілік туралы айтқанда біз, ең алдымен, бұл тұжырымдама өндірістің тұрақтылығын қамтамасыз ететін өңірдегі әлеуметтік тұрақтылықты сақтау, өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін азаматтық қоғамды жасақтау шаралары деп түсінуіміз қажет.

Қазақстан үшін әлеуметтік жауапкершілік орнату нарықтық экономикаға бет бұрған сәттен бастап өз өзектілігін танытты. Қазіргі кезде, әсіресе, жаһандық интеграциялық қарым-қатынастар орнату аса маңызды саналатын заманда халықаралық талаптарға сай, әлеуметтік жауапкершілікті ескере білген кәсіпорындардың қызметі тек еліміз үшін ғана емес, жалпы адамзаттың тұрақты дамуы үшін аса маңызды. Бұл бағыт қазақстандық ірі кәсіпорындардың корпоративтік басқару аясында кеңінен таралып, кейіннен бизнестің жауапкершілігі элементтері мен тұжырымдамаларын іске асырушы шағын және орта бизнес өкілдерін де тарта білді. Осы тұрғыда, қазақстандық компаниялардың қаржылық емес әрекетінің қаншалықты тиімділік әкелетінін, әлеуметтік жауапты бағытқа қаншалықты назар аударатынын зерттеу маңызы туындап отыр. Қазақстанда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамыту үшін қажетті қолдау іс-шараларының қазіргі ахуалын қарастыра отырып, бұл үрдісті болашақта дамыту маңызы мен жолдарын анықтай аламыз.

Бизнестің менеджмент жүйесіндегі әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру Қазақстан үшін жалпыұлттық мақсат болып табылады. Ең алғаш бұл тақырыпты ҚР

Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2005 жылғы Қазақстан халқына жолдауында және Республика кәсіпкерлерінің II Конгресінде көтерді. Қазіргі таңда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі моделін тиімді қалыптастыру мен мәселелерін шешу бойынша пікірлер және тәжірибелер алмасу бойынша іс-шаралардың бастамашысы болып «Атамекен» ҚР ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Қазақстандағы БҰҰ даму бағдарламасы болып табылады [1].

Қазақстанда қоғам өмір сүруінің экономикалық, экологиялық, әлеуметтік салаларындағы бизнестің міндеттемелерін анықтайтын заңнамалық құжаттар қатары орындалып келеді. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің жетекші қағидалары келесі құжаттарда келтірілген:

1. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының халықаралық кәсіпорындар үшін Ережесі (The Organization for Economic Co-operation and Development (OECD) Guidelines for Multinational Enterprises), 27.06.2000;
2. Компаниялар үшін Адам құқықтарын сақтау жөніндегі Халықаралық Амнистия (Amnesty International) Ұлыбритания, 1961;
3. БҰҰ Жаһандық келісімі (Global Compact) 2000, Есептілік жөніндегі Жаһандық бастама (GRI) Бостон, 1997 және т.б.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің есептілік даярлау жүйесінің мәселелерін келесі құжаттардан көруге болады:

1. Қазақстан Республикасының «Әлеуметтік жауапкершілік. Талаптар» Мемлекеттік стандарты (СТ РК 1352-2005 (SA 8000:2001, Mod) және «Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджмент жүйелері» (СТ РК 1348-2005 (OHSAS 18001:1999, mod) Мемлекеттік стандарты;
2. Есептілік жөніндегі Жаһандық бастаманың Тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі нұсқауы (GRI G4);
3. AA1000 Стандарттар сериясы;

Сондай-ақ ISO 9000, ISO 14063, ISO 26000, SA 8000, OHSAS 18001 секілді тұрақты даму саласындағы басқару және сертификаттау жүйелері, сондай-ақ DJSI, FTSE4Good, KLD Domini 400 сияқты мамандандырылған рейтингтік индекстер және т.б [2,3].

Қазақстанда бар заңнамалар бизнеске жүктелген міндеттемелерді корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің жекелеген элементтері бойынша ғана реттейді. Атап айтсақ, оларға Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР Еңбек кодексі, ҚР Экологиялық кодексі, ҚР Салық кодексі, ҚР «Бәсекелестік туралы» Заңы, ҚР «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» Заңы, ҚР «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңы, ҚР «Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы» Заңы, ҚР «Акционерлік қоғам туралы» Заңы, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың корпоративтік басқару жөніндегі құжаттары, «Әлеуметтік жауапкершілік бойынша Парыз байқауы туралы» ҚР Президентінің Жарлығы және өзге де нормативтік құжаттар жатады.

Елімізде әлеуметтік жауапкершілікті дамытудағы мемлекеттің, бизнестің және азаматтық қоғамның рөлін анықтау маңызын атап өту керек.

Әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2015 жылғы сәуір айындағы отырысында Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бойынша ұлттық тұжырымдама талқыланып қабылданды. Оның алғашқы жобасы «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және «Орта Азия Еуразия қоры» корпоративтік қорымен 2013 жылы әзірленген. Кәсіпкерлердің ұлттық палатасы 2014 жылғы қарашада тұжырымдама жобасын ұсынған соң, жоба түзетуге жіберілген. Тұжырымдаманың басты мақсаты – өз кезегінде қоғамдағы, сондай-ақ, мекеме ішіндегі экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуге жәрдемдесетін бизнесті жауапкершілікпен жүргізу моделін қалыптастыру. Әлеуметтік жауапкершілік элементтерін енгізу кәсіпорын және жұмыс беруші үшін нақты басымдықтар әкеледі. Тұжырымдамаға әлеуметтік жауапкершіліктің 7 сұрағы енгізілді: адамдардың құқығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, тұтынушылардың мүдделерін сақтау, адал ресми тәжірибе, корпоративті басқару, қауымдастықтар өмірі мен дамуына атсалысу. Сонымен қатар,

Қазақстанда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамыту мақсатында «Алтын Сапа», «Парыз» сияқты байқаулар ұйымдастырылып келеді [4]. Ұлттық тұжырымдама жобасы барлық мемлекеттік органдарды, халықаралық ұйымдарды, шағын және орта бизнес кәсіпорындары мен трансұлттық корпорацияларды, әлеуметтік әсіптестіктерді, үкіметтік емес ұйымдарды және өзгеде қызығушылық танытқан заңды және жеке тұлғаларды Қазақстандағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамыту және ынталандыру үшін жаңа механизмдер мен іс-шаралар Жоспарын жасауға шақырады. Себебі әлеуметтік жауапкершілік өзара тиімді әріптестік пен озық әлемдік тәжірибеге негізделген корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің ұлттық моделін қалыптастырып, жылжытуға ерекше үлес қосатын жалғыз тиімді даму жолы.

Мемлекет секторының әлеуметтік жауапкершілікті дамытудағы үлесі айтарлықтай маңызды екенін байқап отырмыз. Осы тұрғыда корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің басты қағидасы оның ерікті болуын ескере отырып, бизнес өкілдерінің өз қызметтерін әлеуметтік жауапты жүргізуіндегі бастамашылдығын қарастырып кетейік.

Еуразия Орталық Азия Қоры үшін Сандж Зерттеулер орталығы әзірлеген 2013 жылғы «Қазақстандағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік: ахуал, проблемалар және даму келешегі» атты зерттеу мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстанда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік енгізу жөнінде арнайы сұрауға қатысқан еліміздің 189 отандық және шетелдік шағын, орта және ірі бизнес өкілдерінің 41% еліміздің барлық компаниялары мен кәсіпорындарында әлеуметтік жауапкершілік стандарттарын енгізу қажет санайды. Жартысынан астамы, бұл үрдіс ірі компаниялардың және қоршаған ортаға залал тигізетін кәсіпорындардың деңгейінде есептейді. Еліміздегі шетелдік компаниялардың 100% бизнестің әлеуметтік жауапты болу қажеттігін мойындаса, отандық кәсіпорындардың тек қана 57% осыған келіседі. Қазақстанда әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі бастамасын Үкімет, ірі кәсіпорын иелері мен жергілікті билік көтеруде, шағын бизнес бұл үрдіске белсенді түрде қатысуға әзірше дайын емес. Сұралғандардың 52% корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің келешегі жағымды болатынына сенеді, респонденттердің 21% пессимистік болжамдарды ұстанады [5].

Демек, елімізде әлеуметтік жауапкершілікті енгізу бойынша, сұралғандардың пікірінше, бастамашысы ретінде ҚР Үкіметін, кәсіпорын иелері мен жергілікті билікті көреді, сондай-ақ азаматтық сектордың қатысуы міндетті. Елімізде ірі, орта және шағын бизнес өкілдері қызметінің әлеуметтік жауапкершілікпен қамтылуы бойынша мемлекеттік деңгейде бірқатар іс-шаралар орындалып келетінін атап өту керек. Шағын бизнес бұл үрдіске белсенді түрде араласуға, өз компанияларында әлеуметтік жауапкершілік қолдануға бейім емес. Сонымен қатар әлеуметтік жобаларға бөлінетін есеп және бюджетті бөлу ахуалы да ірі, орта және шағын бизнес өкілдері арасында әр түрлі деңгейде орын алып отыр.

Корпоративтік басқару әлеуметтік жауапкершілік пен қаржылық тиімділік арасындағы өзара байланыстың маңызды факторы болып табылады. Зерттеу нәтижелері бойынша әлеуметтік жауапкершілік бағдарламаларына арналған бизнес бюджетін қарастырсақ, бизнес өкілдерінің тек 25% корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікке бөлінген қаражат көлемінің артқанын атап өтті, 32% бөлінген қаражат көлемі өзгеріссіз қалды ал компаниялардың 21% қаражат бөлген жоқ. Әлеуметтік іс-шараларға қаражат көлемінің артуы ірі компанияларды салыстырмалы түрде басым 51% құрады. Шағын бизнестің 38% және орта бизнестің 10% әлеуметтік іс-шараларға ешқашан қаражат бөлмеген [5].

Өзінің ұйымдық басқаруына корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті сәйкестендірген компаниялардың ерекшеліктеріне назар аударсақ. Бұл кәсіпорындар, әдетте, әлеуметтік жауапкершілік элементтерін өзінің арнайы әлеуметтік бюджетінде, басқарма деңгейіндегі тиісті басқару құрылымында, мониторинг және бағдарламаларды бағалау жүйесінде, әлеуметтік жауапкершілік стратегиясында, әлеуметтік (қаржылық емес) есептерде көрсетеді. Аталғандардың ішінде ұйымдық басқарудың аса кең таралған элементі әлеуметтік бюджет немесе бюджеттің әлеуметтік бағыт бойынша бабы болып табылады. Әлеуметтік жауапкершілік бюджеттеріне ие кәсіпорындар үлесі 2006 жылдан бері артып

келе жатқанын (16%) атап өту керек. Әлеуметтік жауапкершілікті басқарма деңгейінде басқару құрылымы компаниялардың 20%-да кездеседі. Аталған құрылым ретінде респонденттер өз компанияларындағы әлеуметтік жауапкершілік мәселелерімен айналысатын басқарма/бөлімдердің болуын білдірді. Штат құрамында әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі менеджердің болуын кәсіпорындардың 15% көрсетті. Компания ірі болған сайын, ұйымды басқаруда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті сәйкестендіру мүмкіндігі де жоғары. Мысалы, арнайы әлеуметтік бюджеттің болуы көрсеткіші шағын бизнесте 9% болса, ірі бизнесте 80%-ға дейін жетеді. Ірі кәсіпорындардың басым көпшілігі әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі стратегия (жоспарлар) әзірленуін, басқару құрылымының болуын көрсетеді, осындай ахуал шағын бизнесте өте сирек кездеседі [5].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бизнес өкілдері арасында корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті толық түсіну кездеспейді, сәйкесінше, кәсіпорындарда оның жеке бағыттары ғана таралған. Қазақстанда, сұрау нәтижелеріне сәйкес, корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің келесі бағыттары дамыған: адал іскерлік практика (82%), еңбек қатынастары (80%) және адам құқықтарының сақталуы (75%). Компаниялардың 58% әлеуметтік саясатын тұтынушыларға бағыттайды. Қоғам алдындағы экономикалық жауапкершілік, демеушілік пен қоршаған орта мәселелері және корпоративтік басқару секілді көрсеткіштер сирек таралған.

Қазақстандағы кәсіпорындар арасында корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік тәжірибелерінің ішінде ең жиі кездесетін 10 бағыт:

1. Салықтық міндеттемелерді адал орындау;
2. Қызметкерлердің, соның ішінде зейнеткерлік жас алды, жүкті әйелдер және т.б. еңбек құқықтарын сақтау;
3. Қызметкерлер мен техниканың еңбек ету жағдайын жасау және жақсарту;
4. Адал бәсекелестік қағидаларын қабылдау;
5. Нәсіл, жыныс, жас, ұлт, әлеуметтік тап, сыртқы келбет, физикалық жетіспеушілік, денсаулық жағдайы, саяси және діни көзқарастары бойынша дискриминацияға жол бермеу;
6. Мәжбүрлі және бала еңбегіне тыйым салу;
7. Меншік, соның ішінде интеллектуалды меншік құқықтарын сақтау;
8. Сапалы тауарлар мен қызметтер ұсыну, тауарлар мен қызметтердің қанағаттандырмайтын сапада ұсынылуы жағдайында залалдарды өтеу іс-шараларын жүзеге асыру;
9. Өндірілетін өнім немесе көрсетілетін қызмет қасиеттері туралы тұрақты шынайы ақпарат беру;
10. Өз қызметкерлеріне әлеуметтік пакет (медициналық, зейнетақылық, білім, көлік) және басқа да кепілдемелер мен жәрдемақылар ұсыну [5].

Аталған мәліметтерді қарастыра келе, отандық кәсіпорындардың басқару жүйесінде әлеуметтік жауапкершілік қағидаларын қолдану шеңберінде бірқатар тосқауылдар мен кедергілер орын алып отырғаны байқалады. Кәсіпорынның қаражат көлемі, қызмет аясы, құқықтары, даму стратегиясы және қоғам алдындағы ашықтығы мен адалдығы секілді басты факторларды ескере, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті енгізуде кездесетін негізгі кедергілерді атап өтуге болады:

- Кәсіпорын қаржысының жетіспеушілігі;
- Қоғам мен кәсіпорындардың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік туралы хабардарлығының төмен болуы;
- Кәсіпорын басқарушыларының әлеуметтік жауапкершілік есептерін енгізуді қаламауы;
- Заңнамалық деңгейде қолдаудың аздығы;
- Салықтық преференциялардың жоқтығы;
- Бөлінген қаражатты қолдану тиімділігі мен ашықтығының жоқтығы;
- Билік, компаниялар және қоғам арасындағы бастамалардың шашыраңқылығы;

- Сыбайлас жемқорлық;
- Мониторингтің жетіспеушілігі;
- Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілікке формализмі;
- Мемлекеттік органдардың құзыреттілігі;
- Жергілікті қоғамдастықтардың бизнеспен өзара әрекеттесуінің жетіспеуі;
- Қоғамның пассивтілігі;
- Бизнес пен азаматтық сектор арасындағы сенімсіздік [6].

Қазақстан Республикасында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің тұжырымдамасын жүзеге асыру өзектілігінің маңызды болуы жергілікті бизнестің институционализациясының әлсіздігіне, мамандар желісінің жетіспеушілігіне, қалыптастырылған азаматтық қоғам секторының жоқтығына, әлеуметтік инвестициялау қағидаларын жүзеге асыруда экономикалық қызығушылықтың әлсіздігіне байланысты. Елімізді әлеуметтік жауапкершіліктің баяу дамуының себептерінің бірі заңнамалық құжаттаманың жетіспеушілігі мен бастапқы деңгейде болуында. Осыған байланысты, бизнестің жауапкершілігі ерікті болған кезде ғана тиімді болатынын ескеру керек. Іскерлік қоғамдастық бағытты таңдау еркі мен өзінің әлеуметтік қызметінің көлемін ескеруі керек, басымдықтарды өз еркімен анықтап, өзінің және қоғамның мүдделері арасында баланс орнатуы қажет.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі тек қана бизнес пен мемлекет мүддесінен шығатын үдеріс емес, бұл бірінші кезекте, халықтың барлық тобының мүдделері мен құқықтарын қорғауды қамтитын азаматтық қоғамды жасақтау мен дамытуға ерекше үлес қосатын нышан болып табылады. Осы тұрғыда, азаматтық қоғам секторына да ерекше назар аудару қажет. Қазақстанда қоғамның әлеуметтік шаралар мен жобаларға қатысу пассивтілігі және сенімсіздігі жағдайы байқалады. Еліміздің азаматтық қоғам жағынан бизнес өкілдеріне деген сенімнің аздығы олардың әлеуметтік жауапкершілік бойынша іс-шараларының белсенділігі мен нәтижелігіне тікелей әсер етеді. Ұйымдар бұл тұрғыда қоғам деңгейінде күтімдерді ақтап, моральдік борышын атқаруы қажет. Әсіресе, сыбайлас жемқорлық, моральді жауапкершіліктен кету сияқты кедергілерге ерекше назар аударған жөн.

Қазақстанда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік ахуалы бойынша жүргізілген заңнамалық құжаттарды, халықаралық зерттеу нәтижелері мен БАҚ-та берілген ақпараттарды талдай келе, отандық бизнесті жүргізудегі әлеуметтік жауапкершілікті болашақта дамыту бойынша бірқатар ұсыныстар келтіреміз.

Біріншіден, Корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің жетекші қағидалары келтірілген БҰҰ Жаһандық келісімі, Есептілік жөніндегі Жаһандық бастама сияқты халықаралық құжаттар мен стандарттарды, сондай-ақ отандық нормативтік құжаттардың тиімді қолданыс аясын кеңейту. Қазақстан Республикасының бизнес өкілдерінің, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам өкілдерінің Республикалық Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бойынша Ұлттық тұжырымдамаға сәйкес, әлеуметтік жауапкершілікті дамыту және ынталандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын белсенді түрде іске асыруға ат салысу.

Екіншіден, кәсіпорындарға өзінің ұйымдық басқару жүйесінде әлеуметтік жауапкершілік шараларын енгізу бойынша белсенділік таныту: қаржылық емес есептер жүргізу, бөлінген қаражаттың ашықтығын қамтамасыз ету, мониторинг жүргізу және формализмнен арылу. Әсіресе, шағын бизнес өкілдерін тарту мақсатында бұл үдерістің маңыздылығы бойынша науқандар ұйымдастыру қажет.

Үшіншіден, азаматтық қоғамның сенімін ақтау бойынша іс-шаралар қажеттігі. Бизнес өкілдері мен жергілікті халықтың өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету. Бұл тұрғыда жергілікті билік органдары, қоғамдық бірлестіктердің атқаратын қызметі маңызды. Сондай-ақ кәсіпорындардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралары мен моральдік жауапкершілік алу әрекеттері де ерекше рөл атқаратынын атап өту керек.

Қорытындылай келе, Қазақстанда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік тұрақты даму және халықаралық интеграция жағдайында ерекше өзекті болып келеді. Сол себепті жүргізіліп жатқан мемлекеттік іс-шаралар, сараптамалық зерттеулер мен талдаулар отандық бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға, оның проблемалары мен оларды шешу жолдарын анықтауда ерекше ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Қолданылған әдебиет

1. Мукашева Ж.Б. Корпоративная ответственность бизнеса как многоуровневая система. Вестник КазНУ, Алматы 2014 // <http://articlekz.com/article/8804>
2. Онгарбаев Н. Корпоративная социальная ответственность: основные аспекты// <http://dostykadvisory.kz/publications/article3.html>
3. United Nations Global Compact// <http://www.unglobalcompact.org/AboutTheGC/index.html>
4. «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша тұжырымдама қабылданды» // <http://fprk.kz/kk/node/670>
5. «Корпоративная социальная ответственность в Казахстане: ситуация, проблемы и перспективы развития» // http://ngoexpert.kz/upload/files/issledovaniyu_kso_sandj_dlya_fonda_evraziya_2013.pdf
6. Исахова П.Б. Социальная ответственность бизнеса как элемент совершенствования бизнеса. «Спектр развития», 2008, №№5-6, с.20-24

ӘОЖ 546.113

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАУ-КЕН САЛАСЫН БАСҚАРУ: ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Мухаметқанова Айымгүл Жанатханқызы, Әмірғали Темірлан Серікұлы
aiko_26.1994@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Менеджмент» мамандығының 4 курс студенттері,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Сабирова Р.К., э.ғ.к. «Менеджмент» кафедрасының доценті

Тау-кен металлургия кешені – бұл Қазақстан өнеркәсібінің барынша бәсекеге қабілетті және серпінді дамып келе жатқан секторларының бірі. Онда негізгі кәсіптегі 300 мың адам жұмыспен қамтылған. Қазақстанда хром кенінің әлемдік қорының 30%-ы, марганец кенінің - 25%-ы, темір кенінің -10%-ы шоғырланған. Мыс, қорғасын және мырыш қоры әлемдік қордың тиісінше 10% және 13%-ын құрайды. Қазақстан Республикасының жалпы геологиялық көмір қоры мен болжамды ресурстары 150 млрд. тоннаға бағаланады. Осылайша Қазақстан мырыш, вольфрам, және бариттің барланған қоры бойынша бірінші орынды, күміс, қорғасын, хромиттер мен уран бойынша – екінші, мыс бойынша – үшінші, молибден бойынша – төртінші, кобальт бойынша – бесінші, алтын мен көмір бойынша алтыншы, алтын бойынша – жетінші орынды иемденеді. Менделеев кестесінің 105 элементі ішінде Қазақстанның жер қойнауында 99 элемент анықталған, 70 элемент бойынша қорлары барланған, 60-тан астам элемент өндіріледі.

Кесте 1-Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары

Пайдалы қазбалар түрі	Теңгерімді қорлар (тонна)	Әлемдегі орны (қорлар бойынша)	Әлемдегі орны (кенде қамтылым бойынша)
Теміркені	18 600 000 000	6	7
Марганец кені	635 200 000	4	10
Хром кені	382 700 000	2	1
Бокситтер	365 400 000	12	н/д